

Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 18 маусымдағы № А-6/322 қаулысы. Ақмола облысы Жарқайың ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 3 шілдеде № 1-12-172 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 17 шілдедегі № А-7/271 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 17.07.2014 № А-7/271 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография мен пунктуация сақталды.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 11 бабының 2 тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген «Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес, Жарқайың ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :

1. Жарқайың ауданында үйде тәрбиеленетін және оқитын әрбір мүгедек балаға 6 (алты) айлық есептік көрсеткішке тең мөлшерде тоқсан сайын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсетілсін.

2. Жарқайың ауданы әкімдігінің «Үйде оқытылып тәрбиеленетін мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі шаралар туралы» 2007 жылғы 7 желтоқсандағы № А-12/3453 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-12-69 тіркелген, 2008 жылдың 4 қаңтарында № 1 аудандық «Целинное знамя» газетінде жарияланған), «Жарқайың ауданы әкімдігінің 2007 жылдың 7 желтоқсандағы № А-12/3453 «Үйде оқытылып тәрбиеленетін мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі шаралар туралы» қаулысына толықтырулар және өзгертулер енгізу туралы» 2008 жылғы 9 қаңтардағы № А-1/3 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-12-73

тіркелген, 2008 жылдың 11 қаңтарында № 2 аудандық «Целинное знамя» газетінде жарияланған) қаулыларының күші жойылған деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары
А . Қ . Ә л ж а н о в қ а жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жарқайың ауданы әкімінің м.а.

Д.Шәкіров